

"Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 760 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 30 желтоқсанда № 31518 болып тіркелді

### ЗКАИ-ның ескертпесі!

### Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараныз

#### БҰЙЫРАМЫН:

1. "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11550 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларында:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарын ашу жөніндегі мәселелерді шешу үшін бастамашы маршрут схемасы мен ол бойынша қозғалыс кестесін әзірлейді және оларды тасымалдауды ұйымдастырушыларға:

тұрақты халықаралық маршруттар бойынша – автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органға;

жолаушылар мен багажды автомобильмен қалааралық облысаралық, ауданаралық (қалааралық облысішілік) және респубикалық маңызы бар қалаларда, астанада қалалық және қала маңындағы тұрақты тасымалдау маршруттары бойынша – облыстың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына;

жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттары бойынша – аудандардың, респубикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына жібереді.

Жолаушылар мен багажды қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік, ауданаралық, қалааралық облысаралық автомобильмен тұрақты тасымалдауға арналған автобустардың қозғалыс кестесі осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес қалыптасады.";

|

27-тармақ алып тасталсын;

92, 93 және 94-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"92. Автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органнан маршрут бойынша растаған қозғалыс схемалары мен маршрут бойынша қозғалыс кестелерін, жолаушылар мен багажды тасымалдауға арналған тарифтерді, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен халықаралық тұрақты тасымалдауды жүзеге асыруға арналған рұқсатты (бұдан әрі - Рұқсат) (бұдан әрі - халықаралық тасымалдауға арналған рұқсат құжаттары) алу үшін, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімін ұзарту үшін тасымалдаушы автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органға тігілген, нөмірленген және өтініш берушінің жауапты тұлғасы қол қойған, сондай-ақ осы тармақтың 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоспағанда мөрмен (болған жағдайда) расталған жеке папкаға ресімделген мына құжаттарды:

1) тасымалдаушымен бірлескен қызмет туралы шартты халықаралық қатыста жолаушыларды автобустармен, микраавтобустармен тұрақты тасымалдау қызметімен айналысу құқығына лицензиясы және шетелдік тасымалдаушымен лицензияға қосымшасы бар;

2) жалға алынған автокөлік, жалға алынған автокөлік құралдары шарттарының көшірмелері кезінде көлік құралын тіркеу туралы куәліктер көшірмелері қоса берілген, ағымдағы кезеңге міндettі техникалық байқаудан өткен маршрутта пайдаланылуы көзделетін жылжымалы құрам туралы мәліметтерді (автобустардың саны және үлгісі (класы) негізгі және резервке бөлумен;

3) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 547 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12221 болып тіркелген) Автомобиль көлігі құралдарын техникалық пайдалану қағидаларының (бұдан әрі – Автомобиль көлігі құралдарын техникалық пайдалану қағидалары) 7-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген жылжымалы құрамға техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды жүргізу үшін елді мекенде немесе қала маңындағы аймақта, бірақ маршруттың бастапқы пунктінен 50 километрден аспайтын радиуста орналасқан өндірістік-техникалық базаға (жеке немесе жалға алған) құжаттардың көшірмелерін және профилактикалық медициналық куәландаруды жүзеге асыруға медициналық ұйыммен немесе медициналық қызметкермен жасасқан шарттың көшірмелерін;

4) маршрут бойынша автобустардың орны және жөнелтілу, келу және тұру уақыттары, сондай-ақ барлық аялдама пункттері мен мемлекеттердің шекаралары арқылы өткізу пункттері, автобустар қозғалысының жылдамдық режимі бойынша қашықтықтар көрсетілген қозғалыс кестелерін;

5) автовокзалдар мекенжайын, автостанциялар, жолаушыларға қызмет көрсету пункттері, сондай-ақ автомобильдерді мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінің атаулары көрсетілген маршрут схемасын;

6) "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 1-тармағының 5) тармақшасында көзделген жеңілдетілген тарифтің көрсеткішімен осы маршрутқа қызмет көрсететін тасымалдаушылар тіркелген мемлекеттердің ұлттық валютасындағы халықаралық тұрақты маршруттың аялдама пункттері бойынша жолаушыларды және багажды тасымалдауға ұсынылатын тарифтерді.

Осы тармақтың 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттар тұрақты маршрутқа қызмет көрсету туралы шарт жасасқан қазақстандық және шетелдік тасымалдаушылар қол қойған және олардың мөрлермен (болған жағдайда) расталған құжаттар төрт данада ұсынылады.

Маршрут бойынша қозғалыс схемасы және қозғалыс кестесі, сондай-ақ жолаушылар мен багажды тасымалдауға тарифтерді автомобиль көлігі саласында уәкілетті органың жауапты тұлғасының қолымен және мөрімен (рамка қалыңдығы 1 миллиметрлі төртбұрыш формалы мөр, жоғары бөлігінде автомобиль көлігі саласында уәкілетті орган атауы, ортасында "Автобус бағыты бойынша қозғалысқа рұқсат берілді " деген сөз бар және астында растау мерзімі және " \_\_\_\_\_ қолы" ) растайды.";

93. Осы Қағидалардың 92-тармағының 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, халықаралық тасымалдауды жүзеге асыруға арналған рұқсат құжаттарының қолданылу мерзімін ұзартуға өтінім автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органға рұқсат құжаттарының белгіленген қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін үш айдан кешіктірмей ұсынылады.";

94. Автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган өтінім тіркелген күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде, осы Қағидалардың 92-тармағында көрсетілген барлық құжаттар болған жағдайда, аумағы бойынша маршрут өтетін мемлекеттердің құзыретті органдарына, оның ішінде тасымалдаушыға, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, осы Қағидалардың 92-тармағының 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып маршрут ашуға рұқсат алу туралы өтінішті жібереді.";

96-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"96. Осы Қағидалардың 92-тармағының 4), 5) және 6) тармақшаларында көзделген құжаттардың көшірмелері бір данада тізілімді жүргізу үшін автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органға беріледі.";

100-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"100. Автобустардың қозғалыс кестесіне өзгерістерді енгізгенде осы маршрутқа қызмет көрсететін тасымалдаушы автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органға осы Қағидалардың 92-тармағының 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса отырып еркін нысандағы өтінімді ұсынады.

Автобустардың қосымша қозғалыс кестесін келісуге ұсынған кезде осы бағытқа қызмет көрсететін тасымалдаушы осы Қағидалардың 92-тармағының 2) және 4)

тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органға еркін нысандағы өтініш береді.";

162-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"162. Конкурстық ұсыныстар Комиссия Конкурстың қорытындылары бойынша қатысуышыларды бағалауды жүргізетін мынадай өлшемдердің жинағын қамтиды:

1) ұсынылатын жылжымалы құрамның, соның ішінде отандық өндірісті (автобустардың, шағын автобустардың маркасы мен саны, меншіктің түрі, пайдалану мерзімі, паспорттық сыйымдылығы);

2) тасымалдаушының жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдау саласындағы жұмыс тәжірибесі;

3) Автомобиль көлігі құралдарын техникалық пайдалану қағидаларының 7-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген жылжымалы құрамға техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды жүргізу үшін конкурс ұйымдастырушысының аумағында орналасқан, елді мекенде немесе қала маңындағы аймақта, конкурс ұйымдастырушысының аумағында орналасқан маршруттың бастапқы пунктінен 50 километрден аспайтын радиуста орналасқан жылжымалы құрамды сақтауға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған өндірістік-техникалық базаның (меншікті, жалға алынған немесе шарт бойынша қызмет көрсететін) болуы;

4) автобустарды, шағын автобустарды маршрут бойынша қозғалыс кезінде оларда ақаулық пайда болған жағдайда ауыстыру бойынша ұсынылатын шаралар жүйесі;

5) жолаушылар тасымалын жүзеге асыру бойынша қосымша ұсыныстар.";

170-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"170. Конкурсқа қатысуши ретінде тіркелу үшін тиісті лот бойынша Конкурсқа қатысу үшін өтінімді (бұдан әрі – өтінім) Комиссияға конкурстық құжаттамаға қоса берілген конвертке салынған мынадай құжаттарды ұсынады:

1) қатысуши туралы ақпараттың толтырылған бланкісін;

2) өз қызметін занды тұлғаны құрмай жүзеге асыратын занды тұлғаны немесе кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы қуәліктің көшірмесін немесе анықтаманы;

3) сақтандыру полистерінің немесе автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарының және тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарының көшірмелерін;

4) жылжымалы құрамның әрбір бірлігі үшін техникалық паспорттардың және ағымдағы кезеңде жарамды міндетті техникалық тексеруден өту туралы диагностикалық карталардың көшірмелерін. Бұл ретте жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдаудың басқа маршруттарында негізгі ретінде пайдаланылатын жылжымалы құрамды резервтік ретінде, ал резервтікті негізгі ретінде

ұсынуға жол беріледі. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдаудың басқа маршруттарында негізгі жылжымалы құрам ретінде пайдаланылатын жылжымалы құрамды негізгі ретінде ұсынуға жол берілмейді;

5) жүргізуішілер құрамы туралы анықтама (әрбір жүргізуі бойынша еңбек шарттарының және жүргізуі күйліктерінің көшірмелерін қоса);

6) маршруттың барлық ұзақтығына диспетчерлік сұйемелдеудің және телефонның немесе басқа байланыстың болуы, сондай-ақ техникалық себептер бойынша (қалааралық облысаралық маршруттар бойынша) маршрутта олардың қозғалысы тоқтаған жағдайда автобустарды ауыстыру мүмкіндігі туралы анықтаманы;

7) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 547 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12221 болып тіркелген) Автомобиль көлігі құралдарын техникалық пайдалану қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес жылжымалы құрамды техникалық жарамды күйде ұстау бойынша қажетті жұмыстар кешенін өткізу мүмкіндігін растайтын құжаттардың көшірмелерін, оның ішінде елді мекенде немесе қала маңындағы аймақта, бірақ конкурс ұйымдастырушының аумағында орналасқан, конкурс ұйымдастырушының аумағында орналасқан маршруттың бастапқы пунктінен 50 километрден аспайтын радиуста орналасқан өнеркәсіптік-техникалық базаға құқық белгілейтін және құқықтық куәландыратын құжаттар, профилактикалық медициналық куәландыруды жүзеге асыруға жоғары немесе орта медициналық білімі туралы дипломның көшірмесін қоса бере отырып, медициналық қызметкермен жасасқан шарттың көшірмелерін;

8) жолаушылар мен багажды маршруттың тоқтау пункттері бойынша, соның ішінде маршруттағы екінші дәрежелі тоқтау пункттері бойынша (қалалық және қала маңындағы маршруттардан басқа) тасымалдауға ұсынылатын тарифтер;

9) автобус жүргізуішілерінің ауысым уақыты мен орнын көрсете отырып, барлық тұрақты маршрут жүргізуішілерінің еңбек және тынығу режимінің кестесі (қалааралық облысаралық маршруттар бойынша);

10) толтырылған және қатысушының қолымен және мөрімен (бар болса) расталған, конкурстық ұсыныстар конкурстық құжаттама жиынтығына енгізілген нысандар санына тең мөлшерде.

Конкурстық ұсыныстар стандартты ақ парақтарда біркелкі, түзетулесіз және өшірүлесіз ресімделеді.

Құжаттармен қоса берілген өтінім нөмірленеді, тігінделеді және конкурска қатысушының қолымен, мөрімен (бар болса) бекітіледі.";

242-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"242. Балаларды жаппай тасымалдауды орындау алдында тапсырыс беруші үш тәуеліктен кешіктірмей тасымалдаудың бастапқы белгіленген мерзіміне дейін ӘПК-ге жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және мынадай көрсеткіштерді көрсете

отырып, ӘПК-ге арнайы автомобильдерімен автобустардың еріп жүруі туралы мәселелерді шешу үшін ресми өтінім ұсынады:

- 1) күндері және қозғалыс маршруты;
- 2) "Көлік құралдарына және жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 23 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-98 бұйрығымен бекітілген "Көлік құралдарына және жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының 103-тармағының 3) тармақшасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24530 болып тіркелген) сәйкес жабдықталған маршруттың бақылау пункттерінен өту уақытын, аялдама және демалу орындарын анықтауды қамтитын жүргізушілердің енбек және демалыс режимінің талаптарына жауап беретін қозғалыс кестесі;
- 3) медициналық көмек көрсету, ауруханалар пункттердің көрсетілуімен қозғалыс жолының схемасы;
- 4) белгіленген жағдайда медициналық еріп жүруді растау;
- 5) автобустың (автобустардың) маркалары және мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін, білім беру аумақтық органдарымен бекітілген балалардың және оларға еріп жүретін адамдардың тізімін қоса бере отырып, балалардың тасымалдаудың орындаудың жүргізушілердің аты-жөндері.";

245-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"245. Балаларды тасымалдауға арналған автобустардың кемінде екі есігі болады және "Жолаушылар мен жүктөрді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-5 бұйрығымен бекітілген, "Жолаушылар мен жүктөрді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының 25-қосымшаның 1-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22066 болып тіркелген) сәйкес келеді, сондай-ақ мыналармен:

- 1) автобустың алдында және артында орнатылатын "Балаларды тасымалдау" деген төрт бұрыш айыратын белгімен;
- 2) сары түсті жылтыр шағын маягымен;
- 3) әрқайсының сыйымдылығы кемінде екі литр болатын оңай алынатын өрт сөндіргіштермен (біреуі - жүргізушінің кабинасында, басқасы – автобустың жолаушылар салонында);
- 4) "Автомобильдегі алғашқы медициналық көмек қобдишасының дәрілік заттары мен медициналық мақсаттағы бұйымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 368 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9649 болып тіркелген) автомобильдегі алғашқы медициналық көмек қобдишасының дәрілік заттары мен медициналық мақсаттағы бұйымдарының тізбесіне сәйкес дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдары бар екі алғашқы көмек дәрі қобдишаларымен (автомобильді);

- 5) екі жылжуга қарсы тіректермен;
- 6) авариялық тоқтау белгісімен;
- 7) колоннада жол жүргенде – автобустың алдыңғы терезесінде қозгалыс бағытымен он жағында орнатылатын, автобустың колоннадағы орны көрсетілген ақпараттық кестемен жабдықталады.";

350-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:  
"350. Автовокзалдар мен автостанциялардың өз құрамында:

- 1) ақпараттық қамтамасыз ету;
- 2) автобустар мен шағын автобустар тұратын алаң;
- 3) жолаушыларға арналған күту залы (залдары);
- 4) жол жүру құжаттарын (билеттерін), оның ішінде алдын ала сатуға арналған касса (кассалар);

- 5) багажды сақтау камерасы (камералары);
- 6) диспетчерлік пункттер;
- 7) персонал мен жолаушылар үшін санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар;
- 8) жүргізушілер демалатын қызметтік үй-жайлар бар.

Автовокзалдар үшін қосымша талаптар:

- 1) анықтама бюросы;
- 2) қоғамдық тамақтану пункті;
- 3) ана мен бала бөлмесі;
- 4) автобустар мен шағын автобустарды тексеруге арналған бекеттер;
- 5) қоғамдық тәртіпті қорғау пункті;
- 6) медициналық көмек пункті және дәріхана дүңгіршегі;
- 7) Интернет желісіне сымсыз қол жеткізу нұктелері;
- 8) жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттерінде, жолаушыларға арналған күту залында, автобустар мен шағын автобустардың тұрағына арналған алаңдарда бейнебақылау;
- 9) діни рәсімдер жасау үшін бөлме болады.

Автовокзалдар үшін қосымша талаптар Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің міндеттін атқарушының 2022 жылғы 18 сәуірдегі № 213 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27649 болып тіркелген) Жете тексеру жүргізілетін көлік инфрақұрылымы объектілерінің тізбесінде көрсетілген:

- 1) стационарлық металл тапқыш (металл детекторлар);
- 2) портативтік (қол) аспаптар;
- 3) рентген-телевизиялық қондырғы;
- 4) жарылғыш, есірткі және қауіпті химиялық заттарды табуға арналған аппаратура."

;

360-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"360. Автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері жолаушылар мен багажды автомобильмен халықаралық, қалааралық облысаралық, ауданаралық, ауданішілік және қала маңындағы тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушыларға, тасымалдаушылар мен автовокзалдардын, автостанциялардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің әкімшілігі арасында "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Занының 21-бабының 4) тармағына сәйкес жасалатын шарттардың негізінде қызмет көрсетеді.

Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушыларға қызмет көрсету, олар тиісті маршрутта жұмыс істеуге арналған рұқсатты және күелікті, маршрут бойынша қозғалыс схемасын және ол бойынша қозғалыс кестесін, жолаушылар мен багажды тасымалдауға тарифтерді, ағымдағы кезеңіне жарамды техникалық байқаудың диагностикалық карталарын, автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын, тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын ұсынған кезде ғана рұқсат етіледі.

Автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері осы Қағидаларға сәйкес аталған қызмет түріне жіберілген жолаушылар мен багажды тасымалдаушылармен шарттар жасасады.

Шарт тасымалдаушылар автовокзалға, автостанцияға және жолаушыларға қызмет көрсету пунктіне осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген рұқсат құжаттарын берген күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде рұқсат құжаттардың қолданыста болатын уақыт аралығына жасалады.";

осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес 2-1-қосымшамен толықтырылсын;

8-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрек алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

## *Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі*

K. Ускенбаев

## "КЕЛІСІЛДІ"

## Қазақстан Республикасы

## Денсаулық сақтау министрлігі

## "КЕЛІСІЛДІ"

## Қазақстан Республикасы

## Қаржы министрлігі

## "КЕЛІСІЛДІ"

## Қазақстан Республикасы

## Ұлттық экономика министрлігі

## "КЕЛІСІЛДІ"

## Қазақстан Республикасы

## Цифрлық даму, инновациялар және

## аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

## "КЕЛІСІЛДІ"

## Қазақстан Республикасы

## Ішкі істер министрлігі

## Казакстан Республикасының

## Индустрия және

инфрақұрылымдық даму

## Міністрініц

2022 жылғы 30 желтоқсандағы

№ 760 бүйрек

1-қосымша

Автомобиль көлігімен  
жолаушылар мен багажды  
тасымалдау қағидаларына

## 2-1-қосымша

Нысаны

Жолаушылар мен багажды қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішпілік, ауданаralық, қалааралық облысаралық автомобильмен тұрақты тасымалдауға арналған автобустардың қозғалыс кестесі

кестес інің нөмірі	рдің саны	Жұмыс с күн", сағат
1		
2		
3		
4		
5		
6		
7		
8		
9		
10		

Парақтың сырт жағы

Маршрут № \_\_\_\_\_

Маршруттың жылдағы маусымдылығы	Ескертпе:
Маршруттың алта ішіндегі жұмыс режимі	
Жұмыс күндеріндегі автобустар саны, бірлік	
Демалыс күндеріндегі автобустар саны, бірлік	
Маршруттың ұзындығы, км	
Айналымдағы рейс уақыты, минутпен	
Қозғалыс аралығы, минут	
Пайдалану жылдамдығы, км / сағ	

Козғалыс бағытты	Аялдама пункттерінің атауы																		
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19
Тұра бағытта																			
Кері бағытта																			

Қолы, күні

Мөр орны (Болған жағдайда)

Ауданішілік бағыттағы автобустардың қозғалыс кестесі

№ \_\_\_\_\_

(бағыттың атауы) (апта күндері)

Тікелей бағыт						орташа техника л ы қ жылдам дық, кК / сағ	қозғалы стағы уақыт, минут	Қашықтық, км		Елді мекенде рдің атауы
Келу	Тұрақ	Кету	Келу	Тұрақ	Кету	Нұктеле р арасынд а	Бастапк ы нұктеде н			

### Кестенің жалғасы

Ауданішілік бағыттағы автобустардың қозғалыс кестесі

№ \_\_\_\_\_

(бағыттың атауы) (апта күндері)

Кері бағыт

Келу	Тұрақ	Кету	Келу	Тұрақ	Кету

### Парақтың сырт жағы Маршрут № \_\_\_\_\_

Маршрут түрі		Ескертпе:
Маршруттың жылдағы маусымдылығы		
Маршруттың апта ішіндегі жұмыс режимі		
Автобустар саны, бірл.		
Маршруттың ұзындығы, км		
Айналымдағы рейс уақыты, минутпен		

Қолы, Күні

Мөр орны (Болған жағдайда)

Ауданарапық маршрут автобустарының қозғалыс кестесі

№ \_\_\_\_\_

(бағыттың атауы) (апта күндері)

Тікелей бағыт						орташа техника л ы қ жылдам дық, к кК/ сағ	қозғалы стағы уақыт, минут	Қашықтық, км		Елді мекенде рдің атауы
Келу	Тұрақ	Кету	Келу	Тұрақ	Кету ие	нұктеле р арасынд а	бастапк ы пунктте н			

### Кестенің жалғасы

Ауданарапық маршрут автобустарының қозғалыс кестесі

№ \_\_\_\_\_

(бағыттың атауы) (апта күндері)

Кері бағыт

Келу	Тұрақ	Кету	Келу	Тұрақ	Кету

### Парақтың сырт жағы Маршрут № \_\_\_\_\_

Маршрут түрі	Ескерте:
Маршруттың жылдағы маусымдылығы	
Маршруттың апта ішіндегі жұмыс режимі	
Автобустар саны, бірл.	
Маршруттың ұзындығы, км	
Айналымдағы рейс уақыты, минутпен	

Қолы, күні

Мөр орны (Болған жағдайда)

Кала маңы маршруты автобустарының қозғалыс кестесі								
Автобустардың шығу кестесінің номірі	Елді мекенниң атауы	бастап қын пункттің қашықтық, км	уақыт, минут	техник алдыңғы жылда мұнай, км/час	Кету уақыты			
					Рейс	Рейс	Рейс	Рейс
1								
2								
3								
4								
5								

Кестенің жалғасы

Кала маңы маршруты автобустарының қозғалыс кестесі	
№	
(бағыттың атауы) (апта күндері)	Жоспарлы рейстер саны, бірлік

Жалгастыру жұмыс күнінің ұзактығы, сағат

Парақтың сырт жағы Маршрут №

Маршруттың жылдағы маусымдылығы	Ескерту:
Маршруттың апта ішіндегі жұмыс режимі	
Аялдама пункттерінің атауы елді мекендерде	
Жұмыс күндеріндегі автобустар саны, бірлік	

Демалыс күндеріндегі автобустар саны, бірлік	
Маршруттың ұзындығы, км	
Айналымдағы рейс уақыты, минутпен	
Қозғалыс аралығы, минутпен	

Қолы, күні

Мөр орны (Болған жағдайда)

Калааралық облысараптың бағыт бойынша автобустардың немесе шағын автобустардың қозғалыс кестесі \_\_\_\_\_  
(маршрут атауы)

Елді мекенде рдің (аялдама лардың) атауы	Алға бағыт			Техникалық сипаттамалар		Кашықтық, км		Кері бағыт		
	келу уақыты	көлік тұрағы уақыты	жөнелу уақыты	қозғалыстағы уақыт сағат/минут	қозғалыстағы жылдамдық км/сағ	Қашықтық, км	бастапқы нүктеден	келу уақыты	көлік тұрағы уақыты	жөнелу уақыты

Бір жылдағы маршруттың маусымдылығы \_\_\_\_\_

(жыл бойы немесе маусымнан бастап \_\_\_\_\_ дейін \_\_\_\_\_)

Апталық маршрут кестесі \_\_\_\_\_ (апта күндері)

Жалпы жол жүрген уақыты \_\_\_\_\_ (сағат/минут)

Орташа техникалық жылдамдық \_\_\_\_\_ (км/час)

Автобус класы \_\_\_\_\_ (екінші немесе үшінші сынып)

)

Бұйрыққа  
2-қосымша

Автомобиль көлігімен  
жолаушылар мен бағажды  
тасымалдау қағидаларына

8-қосымша  
Нысан

20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ конкурста шығарылатын жолаушылар мен бағажды  
автомобильмен республикашілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсетуге  
конкурстық ұсыныстарды толтыруға арналған нысан

1. Маршрутта (маршруттарда) жұмыс істеу үшін қатысушы ұсынатын жылжымалы  
курам:

Автобустың, шағын	Соғыс техникалы	Паспорттық сыйымдылығы
-------------------	-----------------	------------------------

Пакеттің (маршрутттың номірі)	автобустың үлгісі мен класы	Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері	Шыгарылған жылы	Шығарған зауыт	к тексеруде н өткен күні	Меншік түрі	Отыратын орындар	Барлық орын саны
1	2	3	4	5	6	7	8	9

2. Жолаушы тасымалдау саласындағы тасымалдаушының жұмыс тәжірибесі.

3. Елді мекенде немесе қала маңындағы аймақта, бірақ конкурс үйімдестердегі аумағында орналасқан маршруттың бастапқы пунктінен 50 километрден аспайтын радиуста орналасқан, жылжымалы құрамды сақтауға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған өндірістік-техникалық базаның (меншікті, жалға алынған немесе қызмет көрсету шарт бойынша жүргізілетін болады), оның ішінде техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу кешендері бар өндірістік корпустардың, қойма үй-жайларының, автотұрақтардың, жинау-жую кешендерінің, бақылау-техникалық пункттерінің, әкімшілік ғимараттардың және тұрмыстық корпустардың болуы туралы мәліметтер.

4. Автобустарды, шағын автобустарды маршрут бойынша қозғалыс кезінде оларда ақаулықтар туындаған жағдайда ауыстыру бойынша шаралардың жүйесі (пайдаланылатын немесе ұсынылатын).

5. Жолаушылар тасымалдау жағдайын жақсартатын қосымша ұсыныстар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК